

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚТАР ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА «БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТӘЛІМГЕРЛЕРІМІЗ» ТАҚЫРЫБЫНДА ТӘЛІМГЕР ШЕБЕРЛІГІНІҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМНЫҢ БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**Ақмола облысы
Щучье қаласы**

2015 жылғы 11-13 мамыр

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы республикадағы колледждердің, жоғары оқу орындарының үздік педагогикалық жасақтар мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасындағы ең шығармашыл, кәсіби тәлімгерлерді анықтау және оларды ынталандыру мақсатында «Біз Қазақстанның тәлімгерлеріміз» тақырыбында тәлімгер шеберлігінің Республикалық форумын 2015 жылғы 11-13 мамырда Ақмола облысы Щучье қаласындағы «Балдәурен» РСО РМҚК базасында өткізеді.

Форумның міндеттері:

республикадағы балалардың демалыс лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтарды оқыту үшін алаң құру;

каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату;

республикадағы балалардың сауықтыру лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтар, тәжірибелі педагогтермен тәжірибе сабақтар, шеберлік сыныптар, шығармашылық шеберханалар, тренингтер өткізу.

Республикалық форумға Қазақстан Республикасындағы колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары, жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

Форумның бағдарламасында педагогикалық жасақтардың тұсаукесері, шығармашылық шеберханалар, шеберлік сыныптар, байқаулар, дөңгелек үстел, ойын батлдары, тренингтер өткізу және мәдени бағдарлама қарастырылған.

Республикалық форумды өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Сығанақ көшесі 29, «Евроцентр» бизнес орталығы, 8-қабат, № 808 кабинет, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, анықтама телефондары: 8(7172) 51-69-24 тел/факс, 51-69-34, электрондық пошта: spo.rumcdo@mail.ru.